

# **ТАҚЫРЫП 8. Мемлекеттік басқарудың ақпараттық қамсыздандырылуы**

## **Дәріс жоспары (1 сағат)**

1. Ақпарат мемлекеттік басқаруды дамыту негізі ретінде
2. Ақпараттық технология және оны қолдануды ұйымдастыру
3. Мемлекеттік басқаруды ақпараттық қамтамасыз етудегі тиісті ғылыми-зерттеу институттарының атқаратын рөлі

**Әдебиеттер: нег: 1-21; қос 22-65**

# Сұрақ 1. Ақпарат мемлекеттік басқаруды дамыту негізі ретінде

- Пайдалану үшін қолайлы формаға жүйелендірілген құбылыстар, процестер туралы мәліметтер жиыны ретінде **ақпарат мемлекеттік басқару негізін** құрайды
- *Басқарушылық ақпарат* - бұл басқарушылық ықпалды қалыптастыру және жүзеге асырудың мемлекеттік-құқықтық процестеріне жарамдылық критерийі бойынша **әлеуметтік ақпарат (мәлімет)** бөлігі.

Мұндай ақпарат келесі бағыттар бойынша  
**бағдарлануы тиіс:**

біріншіден, адамдардың жеке және қоғамдық іс-әрекетіндегі мемлекеттің орны мен ролі бойынша, нақты мемлекеттік органдардың өкілеттігі бойынша (*басқарушылық ақпараттың көлемі мен мазмұны мемлекеттік органдардың өкілеттіктерімен үйлесуі тиіс*);

екіншіден, басқарушылық процестерде міндетті жүзеге асырылатын заңдар мен өзге нормативтік актілердің сипаты мен иерархиясы бойынша (*көбінесе мемлекеттік басқару заңдарды орындау үшін әрекет етіп, оған аталмыш қатынастар жағдайын ашатын ақпарат қажет*);

үшіншіден, түрлі мемлекеттік органдардың басқарушылық ықпалын жіктеп, нақтылайтын басқарушылық объектілердің қасиеттері, формалары мен заңдылықтары бойынша.

## Басқарушылық ақпаратты туындатушы көздер:

- а) мемлекеттік органдар мен қызметшілерге басқарушылық шешімдерді қабылдауға рұқсат беретін заңнамалық және өзге актілердің нормалары (*заңдар мен өзге нормативтік актілерді атқару бойынша шешімдер мен әрекеттер*);
- б) өздерінің заңды мүдделері мен құқықтарын жүзеге асыру бойынша азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгінуі (*азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау*);
- в) төменгі органдармен орындалуы тиіс жоғарғы органдардың нұсқамалары (*директивті басқарушылық ақпарат*);
- г) басқарушылық объектілердің жағдайын сипаттайтын бақылау процесінде анықталатын дәйектер, қатынастар (*мемлекеттік басқару процесстеріндегі кері байланыстар туралы басқарушылық ақпарат*);
- д) мемлекеттік органдардың жылдам әрі белсенді араласуын талап ететін мәселелік, жанжал жағдайлар (*қоғамдық процесстердің дағдарыстық жағдайлары туралы басқарушылық ақпарат*).

**Мемлекеттік басқарудағы басқарушылық іс-әрекет** – әлеуметтік-саяси іс-әрекет, адамдардың еркі мен санасына мақсатты ықпал ету процесі.

Мемлекеттік басқаруда, ең алдымен, **әлеуметтік ақпарат** қолданылады – қоғамның толыққанды әрекет етуі үшін қажетті әлеуметтік және табиғи әлем жайлы өзекті мәліметтер.

- Мембасқарудағы әлеуметтік ақпараттың **көздері** — бұл меморгандар, мамандандырылған ақпараттық құрылымдар, олар: мемлекеттік және салалық статистика органдары, кітапханалар, мұрағаттар, ақпараттық агенттіктер, арнайы қызметтер, саяси-партиялық және қоғамдық құрылымдар, шаруашылық етуші субъектілер.
- Мұндай әр құрылымда «өзіндік, ішкі құжатайналым орын алады (ақпараттық ағындар), сондай-ақ тікелей ақпараттық өзара әрекеттестіктер орын алады»

Кесте 1 – Мемлекеттік басқару процестеріндегі ролі бойынша ақпараттың жіктелуі

<b>№</b>	<b>Жіктелу сипаты</b>	<b>Мәні</b>
1	<b>Ұйымдық ақпарат</b>	Мемлекеттік билік және басқару органдарының құрылымы, лауазымды тұлғалар туралы мәліметтер
2	<b>Нормативтік ақпарат</b>	Азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік институттармен өзара қатынасын анықтайтын нормативті-құқықтық актілер туралы мәліметтер және мемлекеттік басқару органдарында шешім қабылдау
3	<b>Есептік ақпарат</b>	Мемлекеттік органдар иелігіндегі мемлекеттік басқаруда пайдалану мақсаттары үшін жиналатын түрлі тұлғалар мен объектілер жайлы мәліметтер
4	<b>Әкімшілік ақпарат</b>	Мемлекеттік басқару органдарымен өздерінің өкілеттіктерінің шеңберінде қабылданған басқарушылық шешімдер жайлы мәліметтер.

# Басқарушылық ақпарат

## Басқарушылық ақпарат сапасына қойылатын талаптар:

- Анықтылық;
- Сыйымдылық;
- Мазмұндылық;
- Маңыздылық;
- Уақытылық;
- Толықтық;
- Логикалық;
- Шынайылық

## Басқарушылық ақпаратқа қойылатын талаптар:

- Толықтық;
- Шынайылық;
- Оперативтілік (жеделділік);
- Қолданылмайтын мәліметтерді болдырмау (шу);
- Мөлдірлік;
- Шығындардың үнемділігі

# Мемлекеттік басқарудағы ақпаратты талдау

## Мемлекеттік басқаруда мәліметтерді талдау функциясы:

- Басқарушылық шешімдерді жүзеге асыру (яғни әлеуметтік ақпаратты басқаруды қамтамасыз ететін нормативтік актілердің мазмұнына көшіру);
- Басқарушылық шешімдерді жүзеге асыру (яғни нормативтік-құқықтық императивтерді адамдардың жоспарлы әлеуметтік іс-қимылдарына ауыстыру);
- Басқарушылық шешімдердің жүзеге асырылу салдарларын бақылау (яғни қоғамдағы өзгерістердің сәйкес мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігін қадағалау)

## Мәліметтерді уақытылы да сапалы талдау келесі міндеттерді шешеді:

- Ақпараттың шынайылығы;
- Алынған ақпарат негізінде негізделген қорытындылар алу;
- Қоғам талаптарына биліктің әрекет ету жылдамдығын арттыру;
- Уақытша шығындарды азайту және қабылданатын шешімдер сапасын арттыру.



# Мемлекеттің ақпараттық жүйесі және басқарушылық ақпаратты қалыптастыру көздері

*Ақпараттық жүйе (АЖ)* – бұл төмендегі міндетті элементтерді қамтитын барлық ақпараттық-құжаттық ағындарды басқару процесінде іске қосылған тұтас мекемелер инфрақұрылымы:

- Ақпараттық модель – АЖ әрекет ету ережелері мен алгоритмдерінің жиынтығы (құжат формалары, анықтамалар құрылымы, т.б.);
- Ақпараттық модельдің даму регламенті мен оған өзгерістер енгізу ережелері;
- Ақпараттық модельдің қалыптасуы мен дамуына жауап беретін кадрлық ресурстар (даму департаменті, тартылатын кеңесшілер);
- Бағдарламалық кешен;
- Бағдарламалық кешенге өзгерістер енгізу регламенті;
- Пайдалану талаптарына жауап беретін аппаратты-техникалық база;
- Пайдалану ережелері.

**Мемлекеттік басқарудың ақпараттық жүйесін құру** — бұл жаңа техникалық құралдарды бюрократияланған мемлекеттік аппаратқа сәйкестендіру емес, бұл азаматтық қоғамға, өзін-өзі басқару тетіктерін кеңінен дамытуға, азаматтар құқықтары мен еркіндіктерін дамытуға негізделген мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесін қалыптастыру.

## *Ақпараттық жүйелерді қалыптастыру бойынша іс-әрекет бағыттары*

- 1) электронды-есептеуіш техника саласындағы мамандар және кибернетиктермен шешілетін таза техникотехнологиялық.
- 2) басқарушылық — басқарушылық ақпаратты стандарттау және унификациялау.
- 3) басқару персоналының кәсіби және психологиялық даярлығын арттыру.
- 4) мембасқарудағы ақпарат оны өңдеу және сақтау барысында көбінесе құқықтық сипатқа ие болады, құқықтық нормаларға негізделеді.

## Сұрақ 2. Ақпараттық технология және оны қолдануды ұйымдастыру

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Заңы

Қолданылатын негізгі терминдер:

- *«электрондық әкімдік»* – жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік функцияларды автоматтандыруға және оңтайландыруға негізделген, сондай-ақ және электрондық нысанда қызметтер көрсетуге арналған, "электрондық үкіметтің" бір бөлігі болып табылатын мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі
- *"электрондық үкімет"* – мемлекеттік органдардың мемлекеттік функцияларды автоматтандыруға және оңтайландыруға негізделген, сондай-ақ электрондық нысанда қызметтер көрсетуге арналған өздерінің арасындағы және жеке және заңды тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі

# Ақпараттандыру саласындағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеу қағидаттары:

- 1) заңдылық;
- 2) жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың ақпараттандыру саласындағы қызметке қатысу және оның нәтижелерін пайдалану құқықтарының теңдігі;
- 4) ҚР заңдарына сәйкес қол жеткізілуі шектелген электрондық ақпараттық ресурстардан басқа, мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпаратты қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарға еркін қол жеткізуді және олардың міндетті түрде берілуін (ашықтық презумпциясы) қамтамасыз ету;
- 5) ҚР заңдарында жариялы таратылуының не мемлекеттік органдармен берілуінің міндетті сипаты белгіленген электрондық ақпараттық ресурстардың уақтылы берілуі, объективтілігі, толымдылығы және анықтығы;
- 6) ҚР заңдарына сәйкес қолжетімділігі шектелмеген кез келген электрондық ақпараттық ресурстарды іздеу, қалыптастыру және беру еркіндігі;
- 7) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану кезінде жеке бастың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 8) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және адал бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау;
- 9) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін орталықтандырып басқаруды қамтамасыз ету;
- 10) ҚР аумағында ақпараттандыру объектілерінің сенімділігі мен басқарылуын қамтамасыз ететін бірыңғай стандарттар негізінде ақпараттандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру

**"Ақпаратты Қазақстан - 2020" мемлекеттік бағдарламасы**  
**Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 8 қаңтардағы**  
**№ 464 Жарлығы**

**Бағдарлама міндеттері:**

- 1) Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету.
- 2) Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету.
- 3) Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы үшін ақпараттық орта құру.
- 4) Отандық ақпараттық кеңістікті дамыту

**Нысаналы индикатор:**

- 1) 2020 жылы Қазақстан Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингінде алғашқы 35 елдің тізімінде болуға тиіс;
- 2) «электрондық үкімет» индексі 2020 жылы алғашқы 25 елдің қатарында болуға тиіс;
- 3) 2020 жылы Интернет желісін пайдаланушылар саны - 75 %;
- 4) елдің ЖІӨ-не ақпараттық коммуникациялық технологиялар секторының үлесі - 4 %;
- 5) компьютерлік сауаттылық деңгейі - 80 %;
- 6) электрондық түрде ақы төленетін тауарлар мен қызметтердің жалпы айналымындағы қазақстандық интернет-дүкендер айналымының үлесі - 40 %;
- 7) электрондық форматта ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің үлесі - 50 %;

**Қазақстан технологиялық дайындық деңгейі бойынша  
Бүкіләлемдік экономикалық форум  
Жалпы бәсекеқабілеттілік индексінің әлемдік рейтингінде**

Қазақстан **2017 жылы** жаряланған 137 елді бағалаудан тұратын Бүкіләлемдік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі есебінде технологиялық дайындық деңгейі бойынша өз позициясын 52 орынды ала отырып жақсартты (2016 жылы - 56 орын), оның ішінде:

- Интернет пайдаланушылар бойынша - 36 орын (2016 жылы - 41 орын);
- Интернет желісіне КЖҚ абоненттері бойынша – 58 орын (2016 жылы – 56 орын);
- Мобильді КЖҚ абоненттері бойынша – 51 орын (2016 жылы - 56 орын);
- Интернетті өткізу қабілеттілігі бойынша - 49 орын (2016 жылы - 51 орын).

# НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР

- Ақпараттық технологиялар – әдістердің, өндірістік процестердің және ақпаратты жинауды, құруды, сақтауды, жинақтауды, өңдеуді, іздестіруді, шығаруды, көшірмесін түсіруді, беру мен таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешенге біріктірілген бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы (*«Ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы» ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 937 Бұйрығы*)
- Мемлекеттік органдардың Интранет-порталы – мемлекеттік ақпараттық жүйе болып табылатын және ұжымдық жұмыс құралдарымен, қажетті ақпараттық ресурстармен, ұйымдық міндеттердің және ақпарат алмасу шешімімен мемлекеттік қызметшілерді қамтамасыз етуге арналған ведомствоаралық корпоративтік ақпараттық жүйе.



# Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық технологиялар

- *Мембасқарудағы ақпараттық технологиялар* ("Электронды үкімет") - Интернетті пайдаланудың жаңа қарқыны және ақпараттық технологияларды насихаттау, ақпараттық қоғам идеяларын енгізудің негізі.
- Электронды Үкімет мемлекеттік аппарат жұмысының тиімділігін арттырып, мемлекеттік басқарудағы еңбек өнімділігінің артуына әкеледі.
- *Электронды үкімет* ([ағылш.](#) e-Government) — азаматтар, бизнес, мемлекеттік биліктің өзге буындарына, мем. шенеуніктерге ақпарат ұсыну және қалыптасқан мемлекеттік қызметтер жиынын ұсыну тәсілі (*мұнда мемлекет пен қолданушылар арасындағы жеке өзара әрекеттестік минимизацияланған және ақпараттық технологиялар максималды қолданылады*).

## ЭҮ құру кезеңдері:

Қазақстан Республикасында

*«Е-Үкіметтің» қызмет етуінің негізгі қағидалары:*

- § нормашығармашылық іс-әрекеттің ашықтығы;
- § бюджеттік процестің ашықтығы;
- § мемлекеттік сатып алу процедурасының ашықтығы;
- § мемлекеттік меншікті басқарудың ашықтығы;
- § мемлекеттің бақылау-ревизиялық іс-әрекетінің ашықтығы;
- § статистикалық ақпараттың ашықтығы және қолжетімдігі.




- 1) **ақпараттық** кезең - электронды үкімет порталы іске қосылып, ақпаратпен толтырылды. Мемлекеттік органдар, олардың жұмысы мен халыққа көрсететін қызметтері жайлы ақпараттар пайда болды, [нормативтік-құқықтық актілер](#) ілінді.
- 2) **интерактивті** кезең - порталды пайдаланушылар түрлі мекемелерден кезекке тұруға уақыт жұмсамай, анықтама алу, үйден шықпай кез келген мемлекеттік органға сұраныс жіберу мүмкіндіктеріне ие болды.
- 3) **транзакциялық** кезең - азаматтар [мемлекеттік баж салығын](#), алымдар, айыппұлдар және коммуналдық қызмет ақыларын төлеуге мүмкіндік алды. Егер де осыған дейін қызмет ақысын төлеу үшін банкке бару керек болса, енді онлайн жүйесінде қызметті пайдалануға да, оның ақысын төлеуге де болады.
- 4) **түрлендірмелі** кезең. Бұдан былайғы басты мақсат - азаматтарға қызмет көрсетудің мейлінше жылдамдығы

**Мемлекеттік басқару жүйесі жұмысының тиімділігі  
3 құраушымен анықталады:**

• Азаматтар және кәсіпорындармен өзара әрекеттесу тиімділігі

• Әр мекеменің ішкі жұмысының тиімділігі

• Билік органдарының өзара әрекеттесу тиімділігі



**Электронды Үкімет**

## Кесте 2 – Ақпараттық теңсіздікті жоюға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар

Бағдарлама атауы	Нәтижелері
<b>2007-2009 жж. ҚР ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасы</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) Тәжірибеде шамамен 2 млн азаматтар компьютермен пайдалануды үйренді;</li> <li>2) Халыққа арналып «Е-Үкімет» қызметтеріне қоғамдық пайдаланудың 1186 пункттері ашылды;</li> <li>3) Интернет тарифтері төмендетілді;</li> <li>4) Мектептердің басым бөлігі интернет желісіне қосылды</li> </ol>
<b>2008-2010 жж. «Е-Үкімет дамыту» бағдарламасы</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) 2008 ж. 29 қазанынан бастап Ұлттық куәландырушы орталық әрекет ете бастады (жеке және заңды тұлғалардың Е-Қолтаңбасы – <i>1 млн. астам тұрғындар мен бизнес алды</i>);</li> <li>2) 2010 ж. бастап барлық мемлекеттік сатып алулар бағалық ұсыныс әдісімен тек электронды түрде Е-Қолтаңбаны пайдаланумен goszakur.gov.kz. Порталында жүргізіле бастады.</li> <li>3) Барлық мемлекеттік органдар өзіндік интернет-ресурстарға ие болды;</li> <li>4) “Е-Үкімет” сайтының негізінде мем.шенеуніктердің қатысуымен интернет-конференциялардың өткізілуі; мем.қызметшілердің жеке блогының ашылуы;</li> <li>5) Мемлекеттік қызметтердің басым бөлігінің эл.түрде ұсынылуы</li> </ol>
<b>«Ақпаратты Қазақстан – 2020» бағдарламасы</b>	2013 жылдан бастап жүзеге асырылуда

### Кесте 3 - ҚР электронды үкіметінің 2005-2014 жылдар арасындағы жетістіктері

<b>Global ranking of UN (193 countries)</b>	<b>2014</b>	<b>2013</b>	<b>2012</b>	<b>2010</b>	<b>2008</b>	<b>2005</b>
Electronic government development index	<b>28</b>	-	38	46	81	<b>65</b>
Human assets index		-	25	16	7	22
Online services index	23	-	14	95	58	24
Telecommunications infrastructure index		-	77	96	111	91
E-participation index	<b>23</b>	-	2	18	98	<b>31</b>
<b>World economic forum (WEF) ranking</b>	<b>2014</b>	<b>2013</b>	<b>2012</b>	<b>2010</b>	<b>2008</b>	<b>2005</b>
<b>Index of network readiness</b>	38	43	55	67	68	-
The use sub-index		62	65	56	54	-
The readiness sub-index		54				

**Электронды үкімет жобаларына** ондаған алуан түрлі ақпараттық жүйелер (АЖ), регистрлер, Мемлекеттік деректер қоры (МДҚ), жүздеген қосымшалар мен қызметтер жатады. Олар:

«Е-әкімдік» АЖ,

«[Е-нотариат](#)» АЖ,

«Жеке тұлғалар» АЖ МДҚ,

«Заңды тұлғалар» МДҚ,

«Жылжымайтын мүлік регистрі» МДҚ,

Мемлекеттік органдардың электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесі,

«ХҚКО» біріктірілген АЖ,

«[Е-лицензиялау](#)» АЖ МДҚ (*79 аумақтық лицензияларда, 16 жергілікті атқарушы органның 8-інде енгізілді*),

мемлекеттік органдардың интернет-порталы, электронды үкімет шлюзі және төлем шлюзі, т.б.


Бұрын



Қазір




Е-Үкіметтің даму жағдайы



Сурет 1 - Электронды үкімет порталының пайдаланушыларының гендерлік қатыстығы





Сурет 2 - Электрондық үкімет порталындағы танымал қызметтердің 10 ТОП-ы

**Мемлекеттік басқаруды ақпараттандыру** мемлекеттік билік органдары тиімділігін арттырып қана қоймай, сондай-ақ Үкімет іс-әрекетінің тиімділігін арттырып, халықтың мемлекет іс-әрекетіне қатысуын кеңейтуге мүмкіндік береді.



Қазақстанда мемлекеттік басқаруды ақпараттандыру жобаларын жүзеге асыратын басты ұйым - **ҚР Ақпарат және коммуникациялар Министрлігі**

**Министрліктердің ішінде бірінші болып толық автоматтандыруды жүзеге асырған:**

- Әділет Министрлігі;
- Қаржы Министрлігі;
- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі;
- Жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттік

## ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

### Мемлекеттік басқаруды ақпараттандырудың артықшылықтары

- «Электронды Үкімет» арқылы интернет-төлемнің әлемнің кез-келген нүктесінде адамдар салықты төлей алуы және т.б.
- Швеция, Дания, Норвегия, АҚШ, Сингапур және т.б. экономикасы дамыған елдерде банктік магниттік карталармен мемлекеттік қызметтер үшін төлем жүргізу өте жақсы дамыған.
- Қазақстанда аталмыш жоба жүзеге асырылуда.

*Мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдануды бағалау келесі критериялар бойынша жүзеге асырылады:*

- 1) интернет-ресурстың тиімділігі;
- 2) ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді пайдалану;
- 3) мемлекеттік органның функцияларын (үдерістерін) автоматтандыру;
- 4) ведомстволық ақпараттық жүйелердің нәтижелілігі;
- 5) ведомстволық ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру үлесі.

*(«Ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы» ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 937 Бұйрығы*

### **Сұрақ 3. Мемлекеттік басқаруды ақпараттық қамтамасыз етудегі тиісті ғылыми-зерттеу институттарының атқаратын рөлі**

- 2011 жылы екі R&D лабораториялары ашылды, бірі – халықаралық IT университет, екіншісі ҚарMTU негізінде. Олардың іс-әрекетін үйлестіру негізінде салалық ҒЗИ ашылды.
- «Ақпараттық технологиялар паркі» территориясында АКТ-кластер жобасының құрылуы.
- «Инновациялық технологиялар паркі Alatau IT City» АЭА негізінде білім беру, ҒЗ және өндірістік салаларды біріктіру жолымен отандық АҚ саланы дамытуға бағытталған АҚ кластер құрылуда.
- 2011 жылдың желтоқсан айында «Қазақ ақпараттық технологияларды зерттеу институты» ЖШС ашылды.
- 2011 жылдан бастап Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің жанындағы “Экономикалық зерттеулер институты” АҚ негізінде “Бағалау” орталығы ашылды ([www.bagalau.kz](http://www.bagalau.kz))

**2016 жылдан бастап әрекет ететін сервистер**

**Кәсіпкерлік  
субъектілерінің  
реестрі**

- **Сервистің бағыты:**  
Қызығушылық танытушы тұлғалар мен мемлекеттік органдар үшін ШОБ субъектілерінің категориялары туралы негізгі ақпарат көзі
- **Сервистің тапсырыс берушісі:**  
ҚР Ұлттық экономика Министрлігі

**Электронды құжаттар  
қоймасы**

- **Сервистің бағыты:**  
Электронды формада мұрағат құжаттарының сақталуын қамтамасыз ететін электронды құжат қоймасын құру
- **Сервистің тапсырыс берушісі:**  
ҚР Мәдениет және спорт Министрлігі

**Вакансия іздеу және  
байқауға қатысуға  
өтініш беру**

- **Сервистің бағыты:**  
“ҚР мобильді үкіметі” платформасы арқылы “Вакансия іздеу және байқауға қатысуға өтініш беру” мемлекеттік қызметін автоматтандыру
- **Сервистің тапсырыс берушісі:**  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар Министрлігі